

**Созақ ауданының білім бөлімінің «Балдырған» бөбекжай – бақшасы
мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны**

Құмкент ауылы

05 қаңтар 2025 жыл

**Кезектен тыс педагогикалық кеңестің
ХАТТАМАСЫ**

Қатысқандар:

«Балдырған» бөбекжай – бақшасының меңгерушісі –

Бимырзаева Тансык Кабаковна

Педагогтер- 11

Қатыспағаны- 0

КҮН ТӘРТІБІ:

- 1.Түркістан облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің хабарламасымен таныстыру және мемлекеттік аттестаттау ережесіне сәйкес «Өзін- өзі бағалау» жұмыс жоспарымен таныстыру.
- 3.Өзін- өзі бағалау шарттарын өткізу жөнінде комиссия құрамын бекіту.

1.Меңгерушісі Т.Бимырзаева:

Педагогтерді Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым саласындағы Бақылау Комитеті Түркістан облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің хабарламасымен таныстырып өтті.

Сәуір айында балабақшаны кезекті мемлекеттік аттестаттаудан өтуі жөнінде мәлімет берді. Осыған орай балабақшада атқарылып жатқан жұмыстарды жүйелі түрде қорытындылау керек екендігін айтты.

«Өзін- өзі бағалау» жұмыс жоспарымен таныстырып өтті. «Өзін- өзі бағалау» жұмысын және білім беру қызметтерінің сапасын арттырудағы тиімділігін өзіндік бағалау үшін өткізіледі. Өзін -өзі бақылау 1 ай бойы өткізіліп құжаттар ақпан айының 3- ші жұлдызына дейін аяқтау қажет. 2022-2023, 2023-2024. 2024-2025 оқу жылдарында жүргізілген іс- шараларының құжаттарын осы мерзімде әдіскерге анықтама ретінде тапсырылу керек. Қазақстан Республикасының Оқу – ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 486 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарымен» таныстырды:

1).Оқу жоспарлары мен ұйымдастырылған іс-әрекеттің Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы

№ 557 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8275 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарының (бұдан әрі – ҮОЖ) талаптарына сәйкестігі;

2). Білім беру қызметін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (бұдан әрі – МДТО үлгілік оқу бағдарламасы) және білім беру бағдарламаларына (вариативті, жеке, бейімделген, қосымша) сәйкес іске асыру;

3). Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29329 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларын (бұдан әрі – Үлгілік қағидалар) сақтау;

4). Баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын мектепалды жастағы тәрбиеленушілерді оқыту нәтижелерінің болуы;

5). Тәрбиеленушілердің даму мониторингісінің (бастапқы, аралық, қорытынды) болуы және нәтижелерін талдау;

6). Үлгілік оқу бағдарламасына қосымшаға сәйкес балалардың жасын ескере отырып, тәрбиеленушілердің жетістіктерін мониторингілеу нәтижелерінің (қорытынды) болуы және талдау;

7. Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне өлшемшарттар: МДТО ҮОЖ белгіленген тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптарға сәйкестігі және сақталуы.

8. Тәрбие мен оқыту мерзіміне қойылатын талаптар: балалардың жасын ескере отырып, жас топтарын қалыптастыру кезінде талаптарды сақтау; тәрбиеленушіні 1-сыныпқа қабылдағанға дейін МДТО үлгілік оқу бағдарламасын игеру бойынша талаптарды сақтау.

2. Мемлекеттік аттестаттау ережесіне сәйкес «Өзін-өзі бағалау» жұмыс жоспарымен таныстырды.

1) Балабақшада атқарылатын әр іс-шараға жауапты қызметкерлер бекітілді.

2) Бекітілген іс-шаралар жоспарын жүзеге асыру мақсатында комиссия құрамы ұсынылды.

Комиссия төрайымы: - балабақша меңгерушісі Т.Бимырзаева

Комиссия мүшесі – әдіскер О.Татимова

Комиссия мүшесі— психолог Г.Абдуллаева
Комиссия мүшесі – тәрбиеші Г.Еркінбекова
Хатшы- логопед М.Абдраманова

Бұл ұсынысқа барлық педагогтер бірауыздан келісті.

ШЕШІМ:

1. 2025 жылы 05.01-31.01 қаңтар аралығында балабақшада «Өзін- өзі бағалау» жоспары бойынша жұмыстар жүргізілсін.
2. Келесі құрамда комиссия мүшелері құрылсын:
Комиссия төрайымы: - балабақша меңгерушісі Т.Бимырзаева
Комиссия мүшесі – әдіскер О.Татимова
Комиссия мүшесі – психолог Г.Абдуллаева
Комиссия мүшесі – тәрбиеші Г.Еркінбекова
Хатшы – логопед М.Абдраманова



Т.Бимырзаева
М.Абдраманова

Т.Бимырзаева

М.Абдраманова